**Тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, сақтау, кері қайтарып алу (жою), оның ішінде олардың қағаз жүзіндегі көшірмесін және тіркеу куәліктерінің тіркелемін жүргізу ережесі**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 8 желтоқсандағы N 457-Ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 23 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 4029. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1231 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 383-ө өкіміне сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, сақтау, кері қайтарып алу (жою), оның ішінде олардың қағаз жүзіндегі көшірмесін және тіркеу куәліктерінің тіркелемін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Ақпараттандыру және заң қызметі департаменті (А.С.Жайлаубаева) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен келісілгеннен кейін заңнамамен белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары К.Б.Есекеевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің

Басшысы

2005 жылғы 26 желтоқсандағы келісілген
Қазақстан Республикасы
Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының
2005 жылғы 8 желтоқсандағы
N 457-Ө бұйрығымен бекітілген

## Тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, сақтау, кері қайтарып алу (жою), оның ішінде олардың қағаз жүзіндегі көшірмесін және тіркеу куәліктерінің тіркелемін жүргізу ережесі 1. Жалпы ереже

1. Осы Тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, сақтау, кері қайтарып алу (жою), оның ішінде олардың қағаз жүзіндегі көшірмесін және тіркеу куәліктерінің тіркелемін жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) куәландырушы орталықпен электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, сақтау, кері қайтарып алу (жою), оның ішінде олардың қағаз жүзіндегі көшірмесін, сондай-ақ куәландырушы орталықтармен электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттерінің пайдаланыстағы және кері қайтарып алынған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тіркелемін жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Ережеде Қазақстан Республикасының "Электрондық құжат және электрондық қолтаңба туралы" Заңымен анықталған түсініктер, сондай-ақ келесі терминдер мен түсініктемелер қолданылады:

1) тіркеу куәлігін тіркеу - тіркеу куәліктерінің тіркеліміне тіркеу куәлігін енгізу;

2) тіркеу куәлігін қайтарып алу (жою) - осы куәландырушы орталықта тіркеу куәлігінің күші жойылды деп тану рәсімі;

3) кілтті ақпаратты тасымалдағыш - электрондық цифрлық қолтаңба жабық кілтінің қорғалған қоймасы (смарт-карта, кілтті дискета және басқалар);

4) өтініш беруші - тіркеу куәлігінің иесі болуға үміткер жеке немесе заңды тұлға;

5) Тіркеу орталығы - тіркеу куәліктерін жасау және беру кезінде иелерінің сәйкестендіру, аутенфикациялау, өкілеттігін тексеру операцияларының орындалуына жауапты куәландырушы орталықтың құрылымдық бөлімшесі;

6) объектілік сәйкестендіру - ITU-T сериясы X.660|ISO/IEC 9834 ұсыныстарына сәйкес меншіктенген цифрлық код.

## 2. Тіркеу куәліктерін беру және тіркеу тәртібі

3. Тіркеу куәліктерін беру және тіркеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өтініш беруші мен куәландырушы орталық арасындағы қолдары қойылған өтініш пен жасасқан шарт негізінде жүргізіледі.

4. Тіркеу куәлігін тіркеу үшін өтініш Ережеге 1, 2 қосымшаларға сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

5. Қағаз жүзінде рәсімделген өтініштегі мәліметтер Куәландырушы орталықтың тіркеу орталығында өтініш берушінің жеке өзінің келуімен, тиісті құжаттарын көрсетуімен расталады.

6. Тіркеу куәлігі бар өтініш берушінің тіркеу куәлігін жаңадан тіркеу туралы өтініші электрондық құжат нысанында берілуі мүмкін. Сонымен өтініштегі мәліметтер пайдаланыстағы тіркеу куәлігіндегі электрондық цифрлық қолтаңба кілтін пайдаланумен қалыптасқан өтініш берушінің қолданыстағы электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

7. Тіркеу куәлігін тіркеу үшін өтініш куәландырушы орталыққа түскен күнінен бастап бес күндік жұмыс мерзімінен аспай қаралады.

8. Тіркеу куәлігін тіркеуде егер:
өтініш берушімен қажетті ақпарат ұсынылмаған;
өтініш берушімен жалған ақпарат ұсынылған;
өтініш беруші пайдалануға ұсынған электрондық цифрлық қолтаңбаның құралы куәландырушы орталықпен қолдау таппаған жағдайларда қабылданбайды.

9. Тіркеу куәліктерін тіркеуден бас тартылған жағдайда осы ереженің 7-тармағында көзделген мерзімнен кешіктірмей өтініш берушіге ресми хабар беріледі.

10. Осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген негіздеме болмаған кезде, куәландырушы орталық осы ереженің 7-тармағында көрсетілген мерзім ішінде тіркеу куәліктерінің тіркелімін жүзеге асырады.

11. Егер өтініш берушіде басқа куәландырушы орталықпен берілген тіркеу куәлігі болған жағдайда, онда оны мойындауға куәландырушы орталықтар арасындағы тиісті келісімді талап етеді.

12. Куәландырушы орталықпен берілген тіркеу куәлігі мынадай мәліметтерді құрайды:
тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі және оны қолдану мерзімі;
электрондық цифрлық қолтаңбаның иесін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін деректер, оның ішінде оның сәйкестендіру нөмірі (СТТН, СТЖН, СН);
электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті;
электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті жабық кілтін жасау үшін қолданылатын электрондық цифрлық қолтаңба құралдары туралы деректер және

электрондық цифрлық қолтаңбаның алгоритімінің стандарттық белгілері;
электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану салалары мен оны қолдануды шектеу туралы ақпарат;
куәландырушы орталықтың қолы үшін пайдаланылатын деректемелері мен электрондық цифрлық қолтаңба алгоритімінің стандарттық белгілері;
заңнамамен бекітілген тәртіппен электрондық құжат айналымының жүйесін басқарушымен келісілген электрондық құжат айналымының жүйесі үшін қажетті қосымша ақпарат;
куәландырушы орталықтың электрондық цифрлық қолтаңбасы болуы тиіс.

13. Тіркеу куәлігін беру электрондық құжат нысаны мен оның қағаз жүзіндегі көшірмесі түрінде жүзеге асырылады.

14. Электрондық құжат нысандағы тіркеу куәлігіне тіркеу куәлігін берген куәландырушы орталықтың электрондық цифрлық қол таңбасымен қол қойылады.

15. Куәландырушы орталықпен өтініш берушіге:
электрондық құжат нысандағы тіркеу куәлігі;
қағаз жүзіндегі тіркеу куәлігінің көшірмесі;
электрондық құжат нысандағы куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігінің түпнұсқасы;
қорғалған кілтті ақпарат жазылған тараткыш, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті беріледі.

16. Тіркеу куәлігінің тіркеліміне жедел қолжетімділік барлық электрондық құжат айналымына қатысушыларға қамтамасыз етіледі.

## 3. Тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу (жою) тәртібі

17. Тіркеу куәлігін берген куәландырушы орталық:
тіркеу куәлігінің иесінің талабы бойынша немесе оның өкілінің сенім хаты болса;
тіркеу куәлігінің иесі қайтыс болғанда;
тіркеу куәлігін пайдалану кезеңінің біткені бойынша;
куәландырушы орталық пен тіркеу куәлігінің иесінің арасындағы келісімде көзделген жағдайларда;
заңды күшіне енген сот шешімі бойынша кері қайтарылып алынады.

18. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу (жою) туралы иесінің өтініші қағаз жүзінде немесе электрондық құжат нысанында берілуі мүмкін.

19. Өтініш берушіде пайдаланыстағы электрондық цифрлық қолтаңба бар болса, тіркеу куәлігін кері қайтарып алу (жою) туралы өтініші электрондық

құжат нысанында берілуі мүмкін. Сонымен, өтініштегі мәліметтер пайдаланыстағы электрондық цифрлық қолтаңбамен расталады.

20. Куәландырушы орталық тіркеу куәлігін кері қайтарып алу (жою) өтінішін алған күннен бастап бір жұмыс күнінен аспай тіркеу куәлігін кері қайтарып алу жүзеге асырады.

21. Куәландырушы орталық тіркеу куәлігін кері қайтарып алған (жойған) жағдайда тиісті ақпаратты хабарлайды, тиісті ақпаратты күнін және уақытын көрсетіп тіркеу куәлігінің тіркеліміне енгізу жолымен бұл туралы электрондық құжат айналымына қатысушыларға бұл туралы хабарлайды.

## 4. Куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін, оның ішінде олардың көшірмесін қағаз жүзінде сақтау тәртібі

22. Куәландырушы орталық электрондық құжат нысанындағы және қағаз жүзіндегі тіркеу куәліктерінің көшірмелерін, оларды барлық қолдану мерзімі кезінде сақтайды. Сонымен бірге олардың сақталуын қамтамасыз етуге жататын шарттар жасайды және тіркеу куәліктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес куәландырушы орталықпен олардың ақпараттарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалады.

Куәландырушы орталықта кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктерінің мерзімі 5 жылдан кем болмайды.

23. Осы Ереженің 22-тармағында көрсетілген мерзім ішінде қайтарылып алынған тіркеу куәліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен куәландырушы орталықтың ведомстволық (жеке) мұрағатына сақтауға түседі.

Тіркеу куәліктерін беру, тіркеу,
сақтау, кері қайтарып алу (жою),
оның ішінде олардың қағаз
жүзіндегі көшірмесін және тіркеу
куәліктерінің тіркелемін жүргізу
ережесіне 1-қосымша

**КІЛТ ПЕН ТІРКЕУ КУӘЛІГІН ЖАСАУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ТІРКЕУ КУӘЛІГІН ТІРКЕУ ҮШІН ӨТІНІШ** (жеке тұлғадан)

Мен______________________________________________________________,

(Тегі, аты, әкесінің аты)

________________________________________________________________

мекен жайы бойынша тұратын

_______________________________________________________________________
төлқұжаты/жеке куәлігінің сериясы және нөмірі, кім және қашан берілді, СТТН, ӘЖК, зейнет ақысының куәлігі).

Осы өтініште көрсетілген мәліметтерге сәйкес: (тиісті тармақты таңдауыңыз қажет)

1. электрондық цифрлық қолтаңбаның кілті мен электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тіркеу куәлігін менің атыма жасауыңызды,

2. Құрылған куәландырушы орталықпен____________________________
куәландырушы орталықтың атауы

мынадай электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтін тіркеу куәлігімен

_______________________________________________________________________
ашық кілттің пайдаланатын орны

және менің тіркеу куәлігімді куәландырушы орталықтың куәліктерінің тіркеу тізілімінде тіркеуді өтінемін.

Электрондық цифрлық қолтаңбаның кілті үшін сәйкестендіру деректері:

____________________________________________ Тегі, Аты, Әкесінің аты
______________________________________________ елінің атауы
____________________________________________облысының, ауданының атауы
_____________________________________________ елді мекенінің атауы
____________________________________________ жұмыс орнының атауы
_____________________________________________ лауазымының атауы
_____________________________________________ сәйкестендіру нөмірі
________________________________________ электрондық почтасының адресі

Тіркеу куәлігін пайдалану облысы (заңды мәні бар болатын электрондық цифрлық қолтаңбамен электрондық құжаттың қатынасын анықтайтын объектілік сәйкестендіру)

1. 1-пайдалану облысы
2. 2-пайдалану облысы
3. 3-пайдалану облысы

Тіркеу куәлігін пайдалану кезеңі_____________________________________

Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін жасау және электрондық цифрлық қолтаңба алгоритмінің стандарттық белгілері үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдары туралы деректер:

_______________________________________________________________________
Атауы мен версияның нөмірі

Сәйкестендіру алгоритмі_______________________________________________
алгоритмінің атауы

(Электрондық құжат айналымы жүйесін басқарушысымен келісім бойынша куәландырушы орталықпен анықталған электрондық құжат айналымы жүйесі үшін қажетті қосымша ақпарат.)

Қолы ____________ Т.А.Ә.А ______________

2005 жылғы "____"__________

М.О.

Тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, сақтау, кері қайтарып алу (жою), оның ішінде олардың қағаз жүзіндегі көшірмесін және тіркеу куәліктерінің тіркелемін жүргізу ережесіне 2-қосымша

**КІЛТ ПЕН ТІРКЕУ КУӘЛІГІН ЖАСАУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ТІРКЕУ КУӘЛІГІН ТІРКЕУ ҮШІН ӨТІНІШ** (заңды тұлғадан **)**

____________________________________________________________________,

(заңды тұлғаның атауы)

заңды тұлғаның мекен жайы ______________________________________________

____________________________________________________________________

тіркеу туралы куәлігі N _______________ 2005 жылғы "____" _______________берілді, тұлға_______________________________________

____________________________________________ негізінде пайдаланымдағы Т.А.Ә.а. төлқұжаты/жеке куәлігінің сериясы және нөмірі, кім және қашан берілді, тұратын жері, СТТН, ӘЖК, зейнет ақысының куәлігі, сенімхаттың нұсқауы).

осы өтінiште көрсетiлген мәлiметтерге сәйкес:

(тиістi тармақты таңдауыңыз қажет)

1. электрондық цифрлық қолтаңбаның кiлтi мен электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кiлтiнiң тiркеу куәлiгiн менiң атыма жасауыңызды,

2. Мыналарды:

электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтін тіркеу куәлігімен__________

___________________________

ашық кілттің пайдаланатын орны

куәландырушы орталықпен жасалған тіркеу куәлігімді

_______________________________________________________

куәландырушы орталықтың атауы

куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерінің тіркелімінде тіркеуді өтінемін.

Электрондық цифрлық қолтаңбаның кілті үшін сәйкестендірілген деректер:

___________________________________________ Тегі, Аты, Әкесінің аты

_______________________________________________ елінің атауы

__________________________________________ облысының,ауданының атауы
____________________________________________ елді мекенінің атауы
____________________________________________ жұмыс орнының атауы
_____________________________________________ лауазымының атауы
____________________________________________ сәйкестендіру нөмірі
_______________________________________ электрондық почтасының адресі

Тіркеу куәлігін пайдалану облысы (заңды мәні бар болатын электрондық цифрлық қолтаңбамен электрондық құжаттың қатынасын анықтайтын объектілік сәйкестендіру)

4. 1-пайдалану облысы
5. 2-пайдалану облысы
6. 3-пайдалану облысы

Тіркеу куәлігін пайдалану кезеңі_____________________________________

Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін жасау және электрондық цифрлық қолтаңба алгоритмінің стандарттық белгілері үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдары туралы деректер:
_____________________________________________________________________
Атауы мен версияның нөмірі

Сәйкестендіру алгоритмі______________________________________________
алгоритмнің атауы

(Электрондық құжат айналымы жүйесін басқарушысымен келісім бойынша куәландырушы орталықпен анықталған электрондық құжат айналымы жүйесі үшін қажетті қосымша ақпарат.)

Т.А.Ә.А _________________

Лауазымы _________________ Қолы ______________

2005 жылғы "____"_____________

М.О.

Тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, сақтау, кері қайтарып алу (жою), оның ішінде олардың қағаз жүзіндегі көшірмесін және тіркеу куәліктерінің тіркелемін жүргізу ережесіне 3-қосымша

**СЕНІМ ХАТ**

Елді мекенінің атауы, қаласы

200__ жылғы "________"

_____________________________________________________________________,
(заңды тұлғаның атауы)

заңды тұлғаның мекен-жайы __________________________________________

________________________________________________________________
тіркеу туралы куәлігі N __________ _____________2005 жылғы "_____"
___________________________ берілді, тұлға ________________________
____________________________ осы сенімхаттың негізінде уәкілеттенеді
Т.А.Ә.а. төлқұжаты/жеке куәлігінің сериясы және нөмірі, кім және қашан берілді, тұратын жері, СТЖН, СН)
(ұйымның атауы________________________________________________-
(тиісті тармақты таңдауыңыз қажет):

1. электрондық цифрлық қолтаңба мен электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тіркеу куәлігін жасау,

2. қолтаңбаны куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерінің тіркелімінде менің тіркеу куәлігімді тіркеу,

3. куәландырушы орталықта тіркелген кері қайтарып алынатын (жойылатын) тіркеу куәлігі ____________ тұлғаның атымен жүзеге асырылсын

Өкіл осы сенімхатта анықталған тапсырманы орындау үшін Куәландырушы орталықтың тиісті құжаттарында қолын қоюға құқығы беріледі

Тегі, Аты, Әкесінің аты _____________________________________________ куәландырамын.

Сенім хат бір ай мерзімге берілді.

Қолы_____________ Т.А.Ә.А _______________________

2005 жылғы "____"_________

М.О.

Тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, сақтау, кері қайтарып алу (жою), оның ішінде олардың қағаз жүзіндегі көшірмесін және тіркеу куәліктерінің тіркелемін жүргізу ережесіне 4-қосымша

**ТІРКЕУ КУӘЛІГІН КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛУ (ЖОЮ) ҮШІН ӨТІНІШ**

(жеке тұлғаның атынан)

Мен_____________________________________________________________,
(Тегі, аты, әкесінің аты)
_________________________________________ мекен-жайы бойынша тұратын төлқұжаты/жеке куәлігінің сериясы мен нөмірі, кім және қашан берілді, тұратын жері, СТЖН, СН)
________________________________________________________________
(тіркеу куәлігін (жоюдың) алудың себебі: жабық кілттің жабылу себебіне, жұмыстың тоқтатылуы және т.с.с)
________________________________________________________________

(тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі мен берілген күні) сериялық нөмірмен тіркеу куәлігінің кері қайтарылуын (жоюуын) сұраймын.

Қолы_____________ Т.А.Ә.А _______________________

200__ жылғы "____"_________

М.О.

Тіркеу куәліктерін беру, тіркеу, сақтау, кері қайтарып алу (жою), оның ішінде олардың қағаз жүзіндегі көшірмесін және тіркеу куәліктерінің тіркелемін жүргізу ережесіне 5-қосымша

**ТІРКЕУ КУӘЛІГІН КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛУ (ЖОЮ) ҮШІН ӨТІНІШ**

(заңды тұлғаның атынан)

Мен_______________________________________________________________,

(заңды тұлғаның атауы)

заңды тұлғаның мекен жайы ___________________________

_____________________________________________________________________

тіркеу туралы куәлігі N ____________ _________ жылғы "_____"____ берілді,______________________________________________________________

тұлға _____________________________________________________негізінде

_____________________________________________________________________

тіркеу куәлігін (жоюдың) алудың себебі: жабық кілттің жабылу себебіне, жұмыстың тоқтатылуы және т.с.с)

_______________________________________________________

(тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі мен берілген күні)

______________________________________________________________уәкілетті тұлғаға берілген ___________________________________________________

(лауазымы, Т.А.Ә.А. сенім хаттың түпнұсқасы, төлқұжаты/жеке куәлігінің сериясы және нөмірі, кім және қашан берілді, тұратын жері, СТЖН, СН) сериялық нөмірімен тіркеу куәлігін кері қайтаруды (жоюды) сұраймын.

А.Т.Ә.А ____________________

Лауазымы ________________

Қолы ______________

2005 жылғы "____"__________

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК